

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
АУЫЛ ШАРУАШЫЛЫҒЫ
МИНИСТРЛІГІ



МИНИСТЕРСТВО
СЕЛЬСКОГО ХОЗЯЙСТВА
РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН

010000, Астана қаласы, Министрліктер үйі,
Мәңгілік Ел даңғылы, 8, 3-кіреберіс,
тел.: +7(7172) 55 57 63, +7 (7172) 55 58 40,
e-mail: office@minagri.gov.kz

010000, город Астана, Дом Министерств,
проспект Мәңгілік Ел, 8, 3-подъезд,
тел.: +7(7172) 55 57 63, +7 (7172) 55 58 40,
e-mail: office@minagri.gov.kz

№ _____

Қазақстан Республикасы
Парламенті Мәжілісінің
депутаттарына

2023 жылғы 5 қазандағы
№ ДС-369 депутаттық сауалға

Құрметті депутаттар!

Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігі ветеринария саласы бойынша Сіздердің жоғарыда көрсетілген депутаттық сауалыңызды қарастырып, қосымшаға сәйкес ақпаратты жолдайды.

Қосымша: __ бетте.

Министр

А. Сапаров

✉: М. Мендіхан
☎: 8 (7172) 555 870
Mendikhan.m@minagri.gov.kz

Хатқа қосымша

Табиғи ошақты инфекцияларды болжау және мониторингтік зерттеулер жүргізуді ғылыми қамтамасыз ету үшін Қазақ ғылыми-зерттеу ветеринария институтын Денсаулық сақтау министрлігінің құзырынан Министрлік құзырына қайтаруға қатысты;

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2021 жылғы 20 желтоқсандағы № 910 қаулысымен «QazBioPharm «Ұлттық холдинг» акционерлік қоғамы (бұдан әрі – Холдинг) құрылды. Холдингтің мемлекеттік акциялар пакетін иелену және пайдалану құқықтарын Денсаулық сақтау министрлігіне берілді.

2021 жылғы 21 желтоқсанда Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің орынбасары Е. Л. Тоғжановтың төрағалығымен өткен кеңесте Министрлікке Қаржы министрлігімен бірлесіп «Қазақ ғылыми-зерттеу ветеринариялық институты» ЖШС (бұдан әрі-ҚазҒЗВИ) жарғылық капиталындағы «Ұлттық аграрлық ғылыми-білім беру орталығы» КЕАҚ қатысу үлесінің 100% республикалық меншікке беруді қамтамасыз етіп, ары қарай Холдингтің жарғылық капиталына өткізу тапсырылды

Бұл ретте Министрлік «ҚазҒЗВИ» ЖШС-ін Денсаулық сақтау министрлігіне беруге қарсы болды.

Жоғарыда көрсетілген тапсырманы орындау үшін 2022 жылғы 21 қаңтарда Ұлттық аграрлық ғылыми-білім беру орталығы Директорлар кеңесі «ҚазҒЗВИ» ЖШС-ін кейіннен Холдингке беру үшін оны мемлекеттік меншікке беру туралы шешім қабылдады.

Өз кезегінде, 267 «Білім мен ғылыми зерттеулердің қолжетімділігін арттыру» бюджеттік бағдарламасы аясында 101 «Ғылыми зерттеулер мен іс-шараларды бағдарламалық-нысаналы қаржыландыру» кіші бағдарламасы және ауыл шаруашылығы министрлігі мен «ҚазҒЗВИ» ЖШС арасында 2021-2023 жылдарға арналған ғылыми-зерттеу жұмыстарын орындауға келесі жобалар бойынша 2 шарт жасалғанын хабарлаймыз:

1) «Аса қауіпті аурулар бойынша ел аумағының эпизоотологиялық сипаттамасын зерделеу және олардың тиімділігін арттыру бойынша ветеринариялық-санитариялық іс - шараларды әзірлеу» 2023 жылға арналған қаржыландыру көлемі - 655 200 000,0 теңге;

2) «Ауруларды диагностикалау, алдын алу, жұқтырған жануарларды емдеу және топырақтың сібір жарасы ошақтарын зарарсыздандыру құралдары мен әдістерін әзірлеу және өндіру үшін ұсыну» 2023 жылға арналған қаржыландыру көлемі - 367 600 000,0 теңге.

Бұл ретте, ауыл шаруашылығы министрлігінің Ветеринариялық бақылау және қадағалау комитеті көрсетілген жобаларға Тапсырыс беруші және үйлестіруші болып табылады, ол өз кезегінде ветеринария саласындағы мемлекеттік саясатты қалыптастырады және іске асырады. Ағымдағы жылы бұл жобалар аяқталады.

Осыған байланысты, «ҚазҒЗВИ» ЖШС-ін Денсаулық сақтау министрлігі құзырынан Министрлік құзырына қайтарған кезде «ҚазҒЗВИ» ЖШС-нің жұмысы мен тапсырылған атқаратын қызметіне айтарлықтай әсерін тигізбейді.

Мал басын бірдейлендірудің цифрлық жүйесінің мал дәрігерлерінің жұмыс істеуіне ыңғайлы, ақпараттар мен мәліметтерді бұрмаламауға және де сыбайлас жемқорлыққа жол бермейтін жаңа платформасын дайындап, жуық арада қолданысқа енгізу қажеттілігіне қатысты;

Министрлік Қазақстан Республикасы Стратегиялық жоспарлау және реформалар жөніндегі агенттігінің Ұлттық статистика бюросымен бірлесіп Ауыл шаруашылығы статистикалық тіркелімі ақпараттық жүйесінің 2022 жылға арналған «Ауыл шаруашылығы жануарларын бірдейлендіру» ақпараттық жүйесімен өзара іс-қимылын жетілдіру жөніндегі іс-шаралар жоспарын бекітті, онда мемлекеттік органдардың басқа ақпараттық жүйелерімен интеграцияны жүргізу, сондай-ақ «Ауыл шаруашылығы жануарларын бірдейлендіру» ақпараттық жүйесіндегі (бұдан әрі – АШЖБ) кемшіліктерді жою жөніндегі бірқатар іс-шаралар көзделген.

Қазіргі уақытта пилоттық режимде АШЖБ ақпараттық жүйесінде 4 модуль (*ВетЛаб, Республикалық эпизоотияға қарсы отряд (РЭҚО), Процессинг орталығы, Ветеринариялық-санитариялық сараптама (ВСС)*) жұмыс істейді және 2 мобильді қосымшаны (*ветеринариялық дәрігерлер үшін «ISZH-Mobile» және жануарлар иелері үшін «TortTulik»*) іске қосу жоспарлануда. Пилоттық жобалардағы жұмыс құжаттаманың қағаз нұсқаларымен қатар жүреді. Қағаз құжат айналымын болдырмау үшін ветеринария саласында ақпараттық жүйелерді енгізу бойынша қолданыстағы НҚА-ға өзгерістер енгізу бойынша жұмыс жүргізілуде.

«ВетЛаб» модулін енгізген сәттен бастап зертханалық зерттеулер үшін 234257 астам тізімдеме жіберілді, РЭҚО модулінде 94-ден астам ошақ ашылды, ВСС бойынша 6372-тен астам сараптама актісі алынды. Болашақта модульдер мен қосымшалардың әрқайсысы құжат айналымын едәуір қысқартады және жедел ақпарат алуға ықпал етеді.

2023 жылдың басында «Ауыл шаруашылығы жануарларының иелеріне арналған **«TortTulik» мобильді қосымшасы** әзірленді. Ауыл шаруашылығы жануарларының иелеріне арналған «TortTulik» мобильді қосымшасы 2023 жылғы 1 шілдеден 1 қазанға дейінгі мерзімде пилоттық режимде ҚР бойынша іске қосылды және ауыл шаруашылығы жануарларының иелеріне қосымшаны PlayMarket платформасында тегін жүктеп алуға болады. Бүгінгі күнде мобильді қосымшада негізгі 7 модуль іске асырылды:

- жануарлар төлдерін тіркеу;*
- импортталған жануарларды тіркеу;*
- жануарларды сатып алу-сату;*
- жеке тұтыну үшін сою;*
- мемлекеттік қызметтер;*
- жануарлар тізілімі;*
- ЖБН ауыстыру.*

«TortTulik» мобильді қосымшасы арқылы 1,3 млн ауыл шаруашылығы жануарлары иелері (ШҚ, ЖШС, ЖҚШ және т.б.) ауыл шаруашылығы жануарларын тексере алады және ветеринариялық дәрігерлерге ветеринариялық-профилактикалық іс-шараларды уақытылы және толық көлемде жүргізуге

мүмкіндік береді. Өз кезегінде мобильді қосымша ауыл шаруашылығы жануарларының нақты санағын жүргізуді жеңілдетеді.

Ағымдағы жылы «**процессинг орталығы**» жаңа функционалы әзірленді:

- пайдаланылған және пайдаланылмаған сырғаларына аудит жүргізу;
- мемлекеттік сатып алуға өтінімдер беру үшін болашақ төл туралы деректерді енгізуді және биркалардың болжамды жоғалу санын АШЖБ ақпараттық жүйесіне есепке алуды жүзеге асыру;
- «Процессинг орталығы» жүйесінде жеке бірдейлендіру нөмірлерін(ЖБН) генерациялауды жүзеге асыру;
- АШЖБ ақпараттық жүйесінде және процессингтік орталықтың жаңа функционалында ЖБН (сырға) нөмірлері бойынша талдауды жүзеге асыру;
- АШЖБ ақпараттық жүйесінде жеке тапсырыстар үшін жаңа ЖБН нөмірлеріне сұранысты өңдеуді жүзеге асыру;
- Пайдаланушыларға тағайындалған нөмірлерін жіберу бойынша функцияны жүзеге асыру.

«**ISZH-MOBILE**» ветеринариялық дәрігерлерге арналған мобильдік қосымша өткен жылдан бастап Батыс Қазақстан, Түркістан, Солтүстік Қазақстан, Павлодар, Қарағанды облыстарында пилоттық режимде сыналды және 2023 жылғы 9-14.10.бастап Алматы қаласында, Алматы және Жетісу облысында пилоттық режимде сыналуда. Қосымшада келесідей бөлімдер қарастырылған:

- *жануарлар иелері бойынша мәліметтерді есепке қою, есептен шығару және қарау (тіркелген жануарлар тізілімі және жануарларды іздеу);*
- *алынған қан сынамалары бойынша тізімдеме жасау, ілеспе хатты ресімдеу және жануарларды диагностикалық зерттеу жүргізу үшін электрондық форматта қан алу актісі (РВЗ тізімдемелерінің тізілімі);*
- *«офлайн» режимінде одан әрі пайдалану үшін Жануарлар бойынша деректерді жүктеу (офлайн деректерді жүктеу).*

Ағымдағы жылдың мамыр айынан бастап сою объектілерінде (ет өңдеу кәсіпорындары, сою пункттері мен сою алаңдары) ветеринариялық-санитариялық сараптама нәтижелері бойынша ветеринариялық-санитариялық сараптаманың сараптама актісін беру процесін автоматтандыратын, сондай-ақ ішкі сауда объектілерінде жануардың өмірлік циклін көрсету үшін QR кодты сканерлеу арқылы мүмкіндік қарастырылған **ВСС** жаңа модулі іске қосылды.

Бұл шара Қазақстан Республикасының «Ветеринария туралы» Заңына сәйкес сою алдындағы ветеринариялық тексерусіз жануарларды союға және союдан кейінгі ұшалар мен органдарға ветеринариялық-санитариялық сараптамасыз сату орындарына өткізуге жол бермеуге бағытталған.

Ветеринарияны цифрландыру реформасының идеологиясы ветеринарлық дәрігердің ауыл шаруашылығы жануарынан қан алу, вакцинация жүргізу, ошақтарды жою, оның ішінде жануарларды сою кезіндегі әрекетін толық бақылауды көздейді.

Ветеринария саласын цифрландыру бойынша жұмыстар бүгінгі күнде қарқынды жүргізілуде.

Ветеринардың мәртебесін көтеру бойынша жүйелі түрде жаңа

өзгерістерді заңнамалық тұрғыда енгізу;

Заң жобасы шеңберінде ветеринариялық дәрігердің мәртебесі мен нормативтік жүктемесін айқындау, жалақыны, қосымша ақыларды, үстемеақыларды және әлеуметтік қолдау шараларын ұлғайту көзделеді (кемінде екі лауазымдық айлықақы мөлшерінде сауықтыруға арналған жәрдемақы белгілеу; ветеринария саласындағы ғылым кандидаты, ғылым докторы ғылыми дәрежесі үшін қосымша ақы төлеу, қажетті арнайы киіммен, жабдықтармен, бұйымдармен, құралдармен қамтамасыз етуді қоса алғанда, еңбек міндеттерін орындау үшін тиісті жағдайлар жасау; біліктілік деңгейіне (санатына) сәйкес келетін еңбекке ақы төлеу; біліктілік деңгейіне (санатына) сәйкес еңбекті ынталандыру, көтермелеу, мемлекеттік наградалар беру құқығы («Қазақстанның ветеринария саласындағы еңбек сіңірген маманы», «Ветеринария саласындағы үздік маман» және т. б.).

2022 жылмен салыстырғандағы ақпарат бойынша ветеринариялық мамандардың жалақысы республика бойынша орташа есеппен 24% - ға өсті. Соның өзінде ветеринариялық дәрігерлердің орташа жалақысы 151 мың теңге болды. Сонымен қатар, 2023 жылдан бастап I және II патогендік топтардың патогенді биологиялық агенттерімен жұмыс істегені үшін ветеринариялық мамандарға 35% және 50% қосымша еңбекақы және кемінде екі лауазымдық жалақы мөлшерінде сауықтыру жәрдемақысы төленеді. Қазіргі уақытта аудандық ветеринариялық стансалар мен ветеринариялық пункттердің ветеринариялық дәрігерлерінің орташа айлық жалақысы өңірлерге байланысты 151 мыңнан (Қызылорда облысы) 427 мың теңгеге дейін (Ұлытау облысы) құрайды.

Осыған орай, ветеринариялық дәрігерлердің жалақысы өңірлерде әр түрлі болуына байланысты жалақысы аз өңірлерде мамандар тапшылығы сезілуде. Сонымен қатар, жастар ветеринариялық дәрігер болып қызмет атқаруға қызығушылық танытпауы салдарынан және ветеринариялық дәрігерлердің орташа жасы 50 жастан асқан мамандар болғандықтан ветеринария саласын цифрландыру мәселесінде деректерді енгізу барысында қателіктер көптеп орын алып, ветеринария саласын толықтай цифрландыруды баяулатуда.

Осыған орай, 2024 жылға қаражат бөлу кезінде жоғарыда көрсетілген қажеттіліктерді ескерулеріңізді сұраймыз.

Бүгінгі күнде ветеринариялық дәрігерлердің мәртебесін көтеру бойынша жұмыстар жалғасын табуда.